



ҚР ҒЖБМ «Ұлттық тестілеу орталығы» РМҚК директоры
Р. Емелбаев
202 ж.

Қоғамдық-гуманитарлық бағыты
«Француз тілі пәні бойынша
оқытудың қысқартылған мерзімін көздейтін жоғары білім берудің білім беру
бағдарламаларына түсушілер үшін ұлттық бірыңғай тестілеуге арналған тест
спецификациясы
(2024 жылдан бастап қолдану үшін)

1. Тест мақсаты: Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының бітірушілері жоғары оқу орындарында оқуды жалғастыра алу қабілетін анықтау.

2. Тест міндеті: Оқытудың қысқартылған мерзімін көздейтін жоғары білім берудің келесі білім беру бағдарламаларына түсу үшін арналған тест:

В018 - Шет тілі мұғалімдерін даярлау

В036 - Аударма ісі

3. Тест мазмұны:

№	Тақырып	№	Тақырыпша	№	Оқыту мақсаты
01	Француз тілінің фонетикалық және грамматикалық ерекшеліктері	01	Француз тілінің фонетикалық ерекшеліктері. Оқу ережесі.	01	Француз тілінің фонетикалық ерекшеліктерімен таныстыру.
		02	Зат есім. Сын есім.	02	Француз тілінің грамматикалық ерекшеліктерімен таныстыру.
		03	Етістік. 1,2,3 топ етістіктерінің жіктелуі.	03	Етістіктерді жіктеу жүйесімен танысу
02	Мен және менің жанұям	04	Танысу. Амандасу. Апта күндері, ай атаулары.	04	Ауызша және жазбаша сөйлеу мәдениетін, сөйлеу әрекетінің түрлерін, қарым-қатынастың әртүрлі жағдайларында тілді қолдану ережелерін, сөйлеу этикетінің нормаларын меңгеру, белсенді және рецептивті сөздік қорын байыту.

		05	<p>Менің жанұям.</p> <p>Сілтеу есімдіктері.</p> <p>Жіктік есімдіктер.</p> <p>Екпінді жіктік есімдіктер.</p>	05	Сөз әрекетінде грамматикалық құралдарды қолдану көлемін кеңейту.
		06	<p>Зат есімдердің көпше түрі.</p> <p>Сын есімдер.</p>	06	Сөз әрекетінде зат есімдер мен сын есімдерді қолдану
03	Менің жұмыс күнім	07	<p>Менің жұмыс күнім.</p> <p>Етістіктердің осы шақта жіктелуі.</p> <p>Етістіктердің жақын келер шақта жіктелуі.</p>	07	Ауызша және жазбаша сөйлеу мәдениетін, сөйлеу әрекетінің түрлерін, қарым-қатынастың әртүрлі жағдайларында тілді қолдану ережелерін, сөйлеу этикетінің нормаларын меңгеру, белсенді және рецептивті сөздік қорын байыту.
		08	<p>Уақыт көрсеткіші.</p> <p>Етістіктердің жедел өткен шақта жіктелуі.</p> <p>Заттарды сипаттау.</p>	08	Сөз әрекетінде грамматикалық құралдарды қолдану көлемін кеңейту.
		09	<p>Мамандық атаулары.</p> <p>1-1000 дейін сан есімдер.</p>	09	Мамандық атауларымен және француз тілінің сандарымен танысу
04	Сөйлеу этикасының формулалары.	10	<p>«Пәтер» тақырыбы бойынша лексика. dans, entre, devant, derrière және т.б. мекен предлогтары.</p>	10	Белсенді және рецептивті сөздік қорын байыту.
		11	<p>«Киім-кешек» тақырыбы бойынша лексика.</p> <p>Етістіктің болымсыз формасы.</p>	11	«Киім-кешек» тақырыбы бойынша лексиканы сөз әрекетінде қолдана алу

		12	«Менің портретім» тақырыбы бойынша лексика. Сын есімнің көпше түрі.	12	«Менің портретім» тақырыбы бойынша лексиканы сөз әрекетінде қолдана алу
		13	« Азық-түлік өнімдері» тақырыбы бойынша лексика. Бөлшектік артикльдер.	13	« Азық-түлік өнімдері» тақырыбы бойынша лексиканы сөз әрекетінде қолдана алу
05	Франция. Географиялық жағдайы. Париж.	14	Францияның географиялық жағдайы. Климаты. Қалалары. Мерекелер.	14	Ауызша және жазбаша сөйлеу мәдениетін, сөйлеу әрекетінің түрлерін, қарым-қатынастың әртүрлі жағдайларында тілді қолдану ережелерін, сөйлеу этикетінің нормаларын меңгеру, белсенді және рецептивті сөздік қорын байыту.
		15	Парижге саяхат. Рәміздері.	15	Ауызша және жазбаша сөйлеу мәдениетін, сөйлеу әрекетінің түрлерін, қарым-қатынастың әртүрлі жағдайларында тілді қолдану ережелерін, сөйлеу этикетінің нормаларын меңгеру
		16	Ауа райын сипаттау.	16	Ауызша және жазбаша сөйлеу мәдениетін, сөйлеу әрекетінің түрлерін, қарым-қатынастың әртүрлі жағдайларында тілді қолдану ережелерін, сөйлеу этикетінің нормаларын меңгеру

4. Тест мазмұнының сипаттамасы:

Тест «Француз тілі» пәні бойынша 40 тест тапсырмаларынан тұрады. Оның ішінде:

- 20 бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмалары;

- 10 бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмалары
- 10 бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмаларынан тұратын 2 жағдаят (контекст).

Тапсырмалардың мазмұны осы пән бойынша типтік бағдарламада көрсетілген тақырыптарға сәйкес келеді.

Тесттегі тест тапсырмалары базалық, орташа және жоғары деңгей бойынша күрделену ретімен орналасқан.

5. Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қиындығы: Тест 3 қиындық деңгейінде берілген тест тапсырмаларынан тұрады: бірінші деңгейде (А) – 25%, екінші деңгейде (В) – 50%, үшінші деңгейде (С) – 25%.

Базалық деңгейдегі тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, түсушінің ең төменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

Орташа деңгейдегі тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

Жоғары деңгейдегі тест тапсырмалары неғұрлым күрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың күрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, күрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

6. Тест тапсырмаларының формасы: Бір дұрыс жауапты және бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдауға арналған жабық формадағы тест тапсырмалары.

7. Тест тапсырмаларын орындау уақыты: Бір тапсырманы орындаудың орташа ұзақтығы 1,5 – 2 минут, жалпы тестті орындау уақыты – 80 минутты құрайды. Жалпы тестті орындау уақыты контекстті оқуға жұмсалатын уақытты ескере есептелген.

8. Жеке тест тапсырмаларының орындалуын бағалау: тест тапсырмаларының жауаптарын бағалау ҚР БҒМ 2017 жылғы 2 мамырдағы №204 бұйрығымен бекітілген ҰБТ Қағидаларының 19-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

9. Ұсынылатын әдебиеттер тізімі: Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен бекітілген «Білім беру ұйымдарында қолдануға рұқсат етілген оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштердің тізбелері».

1. Anne Jacob, Cécile Pinson (DELFL), Sandrine Vidal. Édito. Méthode de français, 2016 - 225 стр.

2. Claire Miquel. Vocabulaire Progressif du Français, 2012 - 192 стр.

3. Maïa Grégoire, Alina Kostucki. Grammaire Progressive du français, 2019 - 130 стр.

4. И.Н.Попова, Ж.А.Казакова, Г.М.Ковальчук. Французский язык. Manuel du français, 2018 - 475 стр.


5. Cathrine Hugot, Veronique M. Kizirian, Monique Waendendries. Alter ego+, 2012 – 226 стр.

6. Corina Brillant, Sophie Erlich, Celine Himber. Adomania. Méthode de français., 2016, 128 стр.

«КЕЛІСІЛДІ»

Оқу-әдістемелік

бірлестігінің төрағасы



Кайрисева А.Ж.

« _____ »

202 ж.





